

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша
білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ**

**«Үйден оқыту» барысында жасалған
жұмыстары бойынша есеп**

Сыныбы: 10 сынып

2023-2024 оқу жылы

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі
Бейілхан Жанаргүлдің есебі
Қазақ тілі және әдебиеті пәні

14.04.2023 бастап 10-сынып оқушысы Қуан Мерейді үйден оқыту басталды. «Қазақ тілі» пәнінен «Ұлы Даланың сәулет өнері», «Заманауи сәулет өнері: дәстүр мен жаңашылдық», «"Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма" қайталау» тақырыптары бойынша сабақ өткізілді. Сәулет өнерінің пайда болу тарихы, қазіргі заманауи сәулет өнерімен салыстыру, видео көру, талқылау негізінде тапсырмалар орындалды. Оқушы бұл тақырыптарды жақсы меңгерді, сұрақтарға ұтымды жауап бере білді. Жоспар бойынша 1 ББЖБ алынды.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен Ш. Мұртаза "Бесеудің хаты", "Үй толы тозақ", «Рысқұлов пен Мүсірепов», Жәркен Бәдешұлының «Жалғыз» поэмасы бойынша сабақтар болды. Деректі, шағын видеоларды ұялы телефонмен көрсетіп, оқулықтан оқытып, тақырып астындағы тапсырмалар сарапталып орындаттым. Соңына қарай «Бұл жалғанда кім жалғыз?» тақырыбында ойтолғау жазды. Қорытынды сабақтарда лирикалық кейіпкерлерді жіктеу, үзінділерді ретімен орналастыру сияқты тапсырмалар орындалды. Тоқсандық жиынтық бағалау алынды.

Жалпы оқушы Қуан Мерей ден саулығына байланысты үйден оқығаны болмаса, үйден оқуға кұштар емес. Мектепте оқығанды сағынады, кейде денсаулығына орай сабаққа селқос қараса, кейде белсенділік пен қызығушылық танытады.

Орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Бейсембаева Марина Сергеевнаның есебі
Орыс тілі пәні

Қуан Мерей – 10 сыныптың оқушысы аптасына бөлінген 2 сағаттық оқу арқылы білім бағдарламасы бойынша жылына 68 сағаттық білімді толық алды. Оқу жылының қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды.

Мерей өте ұқыпты, оқуға деген талабы жоғары оқушы. Берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындайды, мұғалімнің келуін асыға күтіп отырады. Оқушы жалпыға ортақ бағдарламамен оқуға қиынсынбайды. Мерейдің зейіні тұрақты, қимыл-қозғалысы баяу болғанымен материалды қабылдау жылдамдығы жақсы деңгейде, интернет ресурстағы сабақтарды қосымша пайдаланды, орыс тілі және әдебиет сабағына ынтасы жоғары, қосымша әдеби кітаптар іздеп оқыды.

Сабақ барысында оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі көрнекіліктер, карточкалар, жұмыс парақшаларын қолдануға тырыстым. Бейнеролик, аудиоматериал көп пайдаландым. Тез шаршатпау мақсатында денсаулық ерекшеліктеріне сәйкес сабақтың ұзақтығы 30 минуттан болды.

Оқу жылының соңында білім сапасы жоғары болды.

Математика пәнінің мұғалімі
Ахметжанова Санды Саттыбаевнаның есебі
Алгебра, геометрия пәндері

Қуан Мерей жылдық қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды. Мерей өте ұқыпты, оқуға деген талабы бар оқушы. Берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындайды, мұғалімнің келуін күтіп, оқу құралдарын дайындап отырады. Үйден оқу жағдайына себеп болған жағдайы оқушының жалпыға ортақ бағдарламамен оқуына еш кедергі келтірмейді. Оқушы оқу жылына жоспарланған барлық тақырыптарды жақсы меңгерді. Баланың физикалық және қол моторикасының дамуында кемшіліктер жоқ. Ерасылдың зейіні тұрақты, қимыл-қозғалысы, материалды қабылдау жылдамдығы жақсы деңгейде, тез шаршайды, бірақ сабаққа ынтасы жақсы.

Сабақ барысында, Мерейдің қызығушылығын арттыру мақсатында есептерді, орындауға жеңіл есептерді және логикасын дамытуға негізделген есептерді және жұмыс парақшаларын қолдануға тырысамын. Алгебрадағы тапсырмалар мен геометриядағы есептерді ерекшелігіне қарай есептеу жұмыстарын қиналмай орындай алады. Тез шаршатпау мақсатында денсаулық ерекшеліктеріне сәйкес сергіту сәттерін орындатамын.

Нәтижесі жақсы болды, оқушы үлкен қызығушылықпен берілген тапсырмаларды орындайды. Әсіресе, Мерей алгебра, геометриядан деңгейіне қарай есептеуге арналған тапсырмаларды әсіресе сурет сызу арқылы орындалатын есептерді ұнатады, үлкен қызығушылықпен орындайды. Мерейдің оқытудағы кездесетін қиыншылықтар деп оның тез шаршап қалуы, геометриядан сөзді есептерді оқуда дыбыстарды дыбыстаудағы демігуі сияқты кедергілер байқалады. Мерейдің интеллектуалдық жағынан өзінің мектепте оқитын сыныптастарынан кем түспейді десем артық емес.

Информатика пәнінің мұғалімі
Зайтхан Нұрғалидің есебі
Информатика пәні

Қуан Мерей жылдық қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды. Мерей өте ұқыпты, оқуға деген талабы жоғары оқушы. Берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындайды, мұғалімнің келуін асыға күтіп отырады. Оқушы жалпыға ортақ бағдарламамен оқуға қиынсынбайды. Мерейдің зейіні тұрақты, қимыл-қозғалысы баяу болғанымен материалды қабылдау жылдамдығы жақсы деңгейде, тез шаршайды, бірақ сабаққа ынтасы жоғары.

Екінші тоқсанда информатика пәні қиындық туғызды, кейін үйреніп кетті. Үйден оқу жағдайына себеп болған жағдайы оқушының жалпыға ортақ бағдарламамен оқуына еш кедергі келтірмейді. Оқушы оқу жылына жоспарланған барлық тақырыптарды жақсы меңгерді.

Биология пәнінің мұғалімі
Айят Цэрманың есебі
Биология пәні

2022-2023 оқу жылының 14.04.2022 күнінен бастап №62/а бұйрық негізінде 10- сынып оқушысы Қуан Мерей 2 сағат оқу жүктемесімен биология пәні үйден жеке оқытылды.

№		БЖБ№1	БЖБ№2	БЖБ№3	ТЖБ
1	IY тоқсан	10/15	8/14	13/20	20/30

	Қол жеткізілген мақсаттар	Қиындықты дүрған мақсаттар
Ж Б Б	10.1.7.2 Рефрактерлық кезең мен миелин қабығының маңызын түсі	10.1.7.1. Миеленденген нейрон аксонында әрекет потенциалының инициациясымен трансмиссиясын сипаттау және түсіндіру

	ндіру 10.1.6.3 Жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшықтарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысының байланысын орналастыру	10.1.7.5 Холинергиялық синапстың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты орнату 10.1.6.1 Көлденең жолақты бұлшықеттердің ультрақұрылымын зерттеу
Т Ж Б	10.1.7.3 Жұлын мен мидың құрылысы мен қызметтерінің білу 10.1.6.2 Бұлшықеттің жиырылу механизмін түсіндіру 10.4.4.1 Биомеханиканы робототехникада қолдалынуын зерттеу 10.4.3.3 Гендік - инженериялық манипуляциялаудың кезеңдерін түсіндіру	10.1.7.4 Механорецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беруін (Пачини денешігі) сипаттау 10.4.4.2 Электрокардиограмманы қолданып жүрек автоматиясының механизмін түсіндіру 10.4.3.2 Полимеразды тізбектің реакцияның таксономияда, медицинада мен криминалистикада және маңызын сипаттау

**Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Абылкаирова Баян Сунгатовна
Шетел тілі**

Үйден оқыту бойынша есеп

10 сыныбында оқитын оқушы Қуан Мерей 2022-2023 оқу жылының IV тоқсанында үйден оқытылды және қорытындысы бойынша «3» (қанағаттанарлық) деген бағамен бағаланды. Мерей берілген тапсырмаларды орындауға тырысады, мұғалімнің келуін асыға күтіп отырады. Оқушы жалпыға ортақ бағдарламамен оқуға қиынсынбайды дегенмен тез шаршайды.

Сабақ барысында, Мерейдің ынтасын арттыру мақсатында түрлі көрнекіліктер, карточкалар, жұмыс парақшаларын қолдануға тырыстым. Тез шаршатпау мақсатында денсаулық ерекшеліктеріне сәйкес сергіту сәттерін орындаттым. Мерейдің оқытудағы кездесетін қиыншылықтар деп оның тез шаршап қалуы. Қуан Мерей физиологиялық тұрғыдан кейбір мүмкіндіктері шектеулі болғанымен, интеллектуалдық жағынан жақсы қалыптасқан Жиынтық бағалау бойынша нәтижесі:

